# ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ ҚҰТ ӘКЕЛСІН!

Газет 1948 жылдың
20 сәуірінен шыға
бастады



# Қазақ университеті

№3 (1297)
наурыз
2001жыл

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ РЕСПУБЛИКАҒА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТІ

■ МЕРЕКЕЛІК ЛЕБІЗ

**Көпжасар Нәрібайұлы НӘРІБАЕВ,
әл-Фараби атындағы ҚазМУ-дің ректоры,
ҚР ҰҒА-ның корреспондент мүшесі, профессор**

## АҚ ТІЛЕКТЕР АҚТАРЫЛАР СӘТ



**Құрметті әріптестер!**
**Ұстаздар мен шәкірттер қауымы!**

Баршаңызды халқымыздың төл мерекесі, мұсылманша жаңа жылдың бастауы - Наурыз мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Өздеріңізге мәлім, көктемнің алғашқы айы-наурыздың 22-сінен бастап күн мен түн теңесіп, табиғат-анамыз ерекше шуақ-нұрға бөленер сәт. Ертеректе ата-әжелеріміз бұл күнді "жыл басы"- деп есептеп, көрші-көлем, ағайын- туысқа жеті шелпек таратып, мерекелік ас - наурыз көже әзірлеген. Осынау сән-салтанат барысында алты ай қыстың аяз-суығы бойынан сыпырылып түскендей ерекше көтеріңкі көңіл-күймен ауыл аралап, кең дастарқан басында емін-еркін сыр шертісіп, бірін-бірі жаңа жылмен құттықтаған. Ақсақалдарға малдың басы тартылып, жастар жағы ән шырқап, би билеп, домбырамен күй төгіп, көкпар тартып, ойын-сауық құратын болған. Қуаныш құшағында жүрген халық мұндай күні тілеген ақ тілек періштенің құлағына шалынып, қабыл болады деп есептеген. Сол күйде Алладан елге ынтымақ-ырыс, отбасына береке-бірлік, ағайын-туысқа татулық-сыйластық сұрап құран оқылып,қол жайып бет сипасқан.

Тарихқа көз жіберсек, сонау жаугершілік заманда шығыс халықтары мейрам күні соғысты тоқтатып, жауласқан жақпен уақытша бітімгершілікке келген, тұтқындарға кешірім жасалып, жазадан босатылған. Қыр басында алқызыл қызғалдақтар құлпырып, жер үсті, аспан асты таңғажайып көріністерге көмкерілген осынау кезеңді қарапайым халық "Наурызда Самарқанның көк тасы да жібиді!" десіп аңыз қылған.

*Тарихқа көз жіберсек, сонау жаугершілік заманда шығыс халықтары мейрам күні соғысты тоқтатып, жауласқан жақпен уақытша бітімгершілікке келген, тұтқындарға кешірім жасалып, жазадан босатылған.*

Қадірлі ұстаздар ұжымы, студенттер мен магистранттар, аспиранттар мен доктаранттар! Сіздерді осынау Наурыз мерекесімен құттықтай отырып, бастарыңызға бақыт, жанұяларыңызға береке-бірлік, еңбектеріңізге табыс және барлықтарыңызға денсаулық тілеймін!

**Жаңа жылдарыңыз құтты болсын!**

## ДОРОГОЙ ЧИТАТЕЛЬ!

**Поздравляем Вас со светлым весенним праздником Наурыз!**

Пусть этот праздник как истинно живое воплощение Надежды и вечного Возрождения пробудит в Вашей душе неиссякаемый источник оптимизма, Веру в грядущее и уверенность в победе разума.

В год десятилетия независимости нашей Республики, в преддверии нового тысячелетия пусть Вас ожидают только добрые начинания, да воцарится Мир на нашей голубой планете и будет процветать родное Отечество.

Пусть Наурыз, как символ Надежды и уверенности в завтрашний день, станет олицетворением Радости и Счастья!

**Коллектив редакции
"Қазақ университеті"**




## Бүгінгі санда:

*Өшпес із*



ҚАЗАҚ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ИНЖЕНЕРІ
2-бет



*Тура би мінбері*

ҰЛТТЫҚ САНАҒА СІЛКІНІС ҚАЖЕТ
4-бет

*Мерейтой*



БИОХИМИЯНЫҢ БЕРЕРІ МОЛ
5-бет



ЖЫР ПАТШАЛЫҒЫ
7-бет

**НАРИБАЕВ К.Н., член-корр. НАН РК, профессор, ректор КазГУ им. аль-Фараби**



# НОВЫЕ ТЕХНОЛОГИИ УПРАВЛЕНИЯ

*(выдержки из доклада на Международной конференции "Менеджмент и новые технологии).*

**22-23 февраля 2001 года в КазГУ им. аль-Фараби совместно с Robert Schuman Universite u Fachhochschule Darmstadt при поддержке Посольства Французской Республики и акимата Бостандыкского района состоялась Международная конференция "Менеджмент и новые технологии".**

Сегодняшняя конференция посвящена одному из актуальных вопросов системы высшего образования. На пороге 21 века университеты всего мира в различных местных ситуациях сталкиваются с некоторыми важными общими тенденциями. Одной из них является глобализация, которая влияет на высшее образование в различных частях мира, требуя перемен и развития информатизации университетов и внедрения новых технологий управления.

Эффективность процесса информатизации непосредственно зависит от эффективности процессов создания и использования информационных ресурсов. Необходимость информатизации общества порождена противоречием между стремлением человека к своевременному использованию больших объемов высококачественной информации и невозможностью оперативно формировать такие объемы с помощью традиционных технологий, информационных средств и средств связи.

Различие в уровне информационного обеспечения становится одной из существенных причин в дисбалансе уровня и качества образования.

Созидание знания, доступ к нему и его развитие являются более чем центральным звеном развития общества. Грамотному обществу требуется новое поколение образованных людей.

Быстрое производство знаний и технологическое развитие создали ситуацию, при которой идет поиск качества образования. Университет как социальный институт нельзя заменить , но он должен адаптироваться и изменяться в соответствии с задачами. Он останется центральным звеном общества повсюду в мире, пока его деятельность не отличается от глобальных условий человечества..

Другими условиями, необходимыми для того, чтобы качество высшего образования выступало сегодня и в будущем двигателем социального, культурного и экономического развития, являются эффективное управление университетами и интернационализация университетов.

Понимание острой необходимости повышения университетского менеджмента с помощью современных информационных технологий привело к принятию в 1994 году "Концепции компьютеризации КазГ им. аль-Фараби". Была произведена структурная перестройка компьютер-центра университета и начаты планомерные поиски финансовых средств для обновления оборудования.

**Созидание знания, доступ к нему и его развитие являются более чем центральным звеном развития общества. Грамотному обществу требуется новое поколение образованных людей.**

Результатом поиска явилось установление сотрудничества с университетом Роберта Шумана (Страсбург, Франция) и Техническим университетом (Дармштадт, Германия) в рамках Программы ЕС ТЕМПУС-ТАСИС.

Программа Европейского Союза ТЕМПУС в области образования является примером сотрудничества университетов СНГ с их европейскими партнерами с целью структурной перестройки и изменения содержания университетского образования.

Казахстан был включен в Программу ТЕМПУС в 1994 году. КазГУ сразу же подключился к конкурсу проектов. Сначала нами был выигран одногодичный препроект, а затем 3-летний совместный европейский проект "Аль-Фараби НОВА". Данный проект был посвящен модернизации управления университетом с помощью создания локальной компьютерной сети. В рамках этого проекта с объемом финансирования почти 0,5 млн Евро, который начался с конца 1996 года и завершается 14 марта 2001 года, в КазГУ была создана компьютерная сеть, которая связала все факультеты с администрацией, что позволило более эффективно управлять учебным процессом, контролировать ход тестирования знаний студентов, а также автоматизировать ряд задач финансовых служб университета. Использование центральной базы данных дае возможность практически мгновенно иметь полную и достоверную информацию, избегать лишних бумаг и потери времени, что в совокупности способствует лучшему менеджменту и повышению качества обучения студентов.

В настоящее время корпоративная информационная система университета включает в себя:

- единую компьютерную сеть университета;
- систему управления учебным процессом;
- систему тестирования(контроля) знаний студентов;
- INTERNET – учебные классы;
- систему управления планово-финансовой и бухгалтерской деятельностью;
- INTRANET – систему по базе данных контингента студентов и их успеваемости;
- INTRANET- систему обслуживания читателей по электронному каталогу библиотеки КазГУ;
- INTRANET- систему научно-информационной и патентно-лицензионной деятельности университета.

Корпоративные информационные ресурсы университета включают:

- базу данных по контингенту студентов;
- базу данных по успеваемости студентов;
- базу данных по учебным планам дисциплин;
- базу данных по финансам университета, госбюджету и внебюджетному финансированию;
- базу данных по материально-технической части университета;
- базу данных кассовых расходов и банковских поручений;
- базу данных заявок на приобретение материалов и оборудования;
- базу данных доходов по коммерческим студентам;
- базу данных электронного каталога библиотеки КазГУ;
- базу данных научно-информационной и патентно-лицензионной деятельности КазГУ.

**Проект "Аль-Фараби НОВА" вывел КазГУ в лидеры среди университетов Казахстана. Вместе с тем хочется подчеркнуть, что предстоит кропотливая, ежедневная работа для сохранения этих позиций.**

### ТУРА БИ МІНБЕРІ

**- Әбдіманап Елікбайұлы, аталмыш конференцияның басы-қасында жүрген азаматтардың бірісіз. Ұйымдастыру жұмыстары қалай өткенін әңгімелеп берсеңіз.**

- Бісмілләә, өзіңіз білесіз, 2001 жыл -Елбасының жарлығымен Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігінің 10 жылдығына арналды. Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция осы жардықты басшылыққа ала отырып, ҚазМУ-дің Экономика және құқық институты ұжымының ұйымдастыруымен еліміздегі адам құқығының қорғалуы мәселесін өрістету, дамыту мақсатында өткізілді. Конференцияға Қазақстандағы барлық жоғарғы оқу орындарында оқитын және



# ҰЛТТЫҚ САНАҒА СІЛКІНІС ҚАЖЕТ



**Наурыз айының 1-2 жұлдызында ҚазМУ-дің Экономика және құқық институтының ұйымдастыруымен Тәуелсіздігіміздің он жылдығына арналып "Адам құқықтарының халықаралық стандарттары және ұлттық заңдарды дамыту мәселелері" атты халықаралық ғылыми – тәжірибелік конференция өткен болатын. Конференцияға қатысқан көптеген халықаралық ұйым өкілдері бұл шараның маңыздылығын бірауыздан мақұлдап, оң бағаларын арнап жатты. Осынау игілікті шараның мән-жайымен толығырақ таныспақ ниетпен, ұйымдастыру алқасы басшыларының бірі –Экономика және құқық институтының директоры, заң ғылымдарының докторы, профессор Бектұрғанов Әбдіманап Елікбайұлын әңгімеге тартқан едік.**

қызмет жасайтын жас ғалымдарды, ғалым тұлғаларды, сонымен қатар халықаралық ұйымдардың, елшіліктердің өкілдерін баяндамашы ретінде, тыңдаушы ретінде қатысуға шақырған болатынбыз. Атап айтқанда, еліміздің басқару саласында қызмет істеп жүрген Президент әкімшілігінің, Парламенттің, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының өкілдері, сондай-ақ ОБСЕ ұйымынан Эрик Коллинз /саясат танушы/, Америка заңгерлер ассоциациясының аймақтық директоры Свенсон Дилеин, БҰҰ-ның қоғамдық ақпарат департаментының Қазақстандағы өкілі В.Поляков,Тәжікстан елшілігінің өкілі С.Сафаров т.б. қатысты. Сонымен қатар шетелдік елшіліктердің қызметкерлері конференцияны ұйымдастыру, насихаттау жұмыстарына да ат салысты. Ұйымдастыру жұмыстарын жүргізу барысында қатысушыларды көбірек тартуға ұмтылдық. Себебі, конференция тақырыбы қаншалықты өзекті мәселе болғанымен қатысушылар саны кейбір кезде аз болуы да мүмкін. Жүйелі түрде жүргізілген жұмыстың нәтижесінде 20 ақпанға дейін қатысуға арыз берген адамдардың саны 250-ден астам болып кетті. Жеке өзімнің атымнан ұйымдастыру комитетінің мүшелерінің жоғарғы деңгейде қызмет атқарып, ұйымшылдық танытқандарына ризашылығымды білдіремін.

**- -Конференцияның жетістігі жөнінде не айтар едіңіз. Қандай олқылықтар орын алды деп есептейсіз.**

-Конференцияның қамтыған тақырыптары қазіргі таңдағы өзекті мәселені көтергендігі даусыз. Және ғалымдардың ерекше мән бере зерттеп жүрген мәселелерінің бірі болғандықтан бұл өткізілген шараның берері өте мол. Біріншіден, тыңдаушы қауым өзіндік көкейкесті сауалдарға жауап тапқан шығар деп ойлаймын, екіншіден, осы конференцияның басты жетістігі деп талқылануға ұсынылған баяндамалар, мақалалар ОБСЕ-нің бөлген қаражатының қолдауымен кітап жинағы боп басылып шығуын атап кету керек. Конференцияға қатысты кішігірім техникалық олқылықтар болса болған шығар,көзге түсерліктей кемшіліктер кезіккен жоқ. Жалпы айтқанда конференцияның өту барысы ойымыздан шықты деп есептеймін.

**-Жарыссөз барысында "өлім жазасын алып тастауға біздің ұлттық санамыз әлі дайын емес" деген тәрізді пікірлер де айтылды. Сіздін ойыңызша ол қайткенде дайын болады?**

- Иә, расында да өлім жазасын алып тастауға қазіргі таңда Қазақстан халқы дайын емес, және бұл жағдай тек бізде ғана емес, сонымен қатар шетел мемлекеттері де аса назар аударып отырған өзекті мәселелердің бірі болып саналады. Осыған орай біздің қалыптасқан ой-санамыз бойынша өлім жазасы қылмысты тоқтатудағы ең жоғарғы шектегі жаза ретінде қолданылуда. Санаға сілкініс қажет.

Білімді, мәдениетті толықтай игерген азаматтары көбейіп, жоғары деңгейдегі өркениеттілікке қол жеткізген халық қана бұл жеңілдікке лайық. Сондықтанда біздің ұлттық психологиямыз әлі дайын емес, оны дайындық деңгейіне жеткізу үшін көп уақыт керек.

**-Қазақстандағы адам құқығының қорғалу барысына көзқарасыңыз қалай?**

-Адам және адам өмірі, құқықтары мен бостандықтары - Ата заңымыз Конституциямызда жазылғандай Қазақстан Республикасының ең қымбат қазынасы деп есептеледі. Қазіргі таңда осы бағытта мемлекетіміз көптеген жұмыстар істеп жатыр. Осы атқарылған шараларға қарап адам құқығын қорғау барысына көңіліміз толады деп айтуымызға болады, дегенмен кейбір жетіспеушіліктер де кездесіп қалады. Қазақтың "көш жүре түзеледі" дегеніндей, алдағы уақытта бұл мәселеге қатысты кемшіліктерден арылып адам құқығының қорғалынуы толығымен көңілімізден шығарлықтай болады деп сенемін.

**-Факультетте осы мәселеге қатысты алдағы уақытта қандай шаралар жүзеге асырылмақшы.**

-Әрине, Экономика және құқық институт ұжымы тек осы өткізіліп кеткен конференциямен ғана шектелмейді. Алдағы уақытта да мемлекетіміз үшін, халқымыз үшін өзекті мәселелердің бірі болып табылатын тақырыптарда конференциялар өткіземіз бе деген жоспарымыз бар. Құдай қаласа, мемлекетімізде тыныштық боп тұрса, ол мақсаттарды да жүзеге асырамыз деп ойлаймын.

**Әңгімелескен**
**Сәндібек ЖУБАНИЯЗОВ**

*СТУДЕНТ О СТУДЕНТЕ*

## ЛЕГКО ЛИ БЫТЬ ОТЛИЧНИКОМ?

Сколько себя помню, всегда завидовала отличникам. Их способность внимательно и старательно выполнять домашние задания, всегда правильно отвечать на вопросы, запоминать то, о чем говорится на уроках, восхищала меня. Если я и делала над собой усилия, заучивая физику или химию, то не надолго - выходила из кабинета и тут же все забывала, будто бы и учебник в руках не держала.

Обидно... Решила поговорить со знакомой отличницей Алией Нурмагамбетовой. Она студентка первого курса филологического факультета КазГУ. Интересный, серьезный, старательный человек, вечно сидит в читалке.

Корр.: - Неужели тебе это нравится? –зачем-то спросила я (надо ведь с чего-то начинать).

Алия: - Конечно, нет. Скучно, а что делать ?



Хотя знаешь, иногда там появляются симпатичные "объекты", тут же начинаются хихикания, заигрывания. Везде можно найти плюсы.

Корр.:- Слушай, а что чувствуешь, когда незаслуженно получаешь низкий балл на фоне хороших? Или такого не бывает?

Алия: - Конечно, бывает, я же не ангел и не идеал! Расстраиваюсь, переживаю, потом успокаиваюсь и снова начинаю крутиться, вертеться.

Корр.:- Не хочется бросить, отдохнуть, наплевать: тройка так тройка, двойка так двойка?

Алия:- Бывает, но я же понимаю, чтобы стать профессионалом в своем деле, нужно учиться, получать знания.

Боюсь, правда, что в один прекрасный день эти знания окажутся никому не нужными.

Корр.:- Не переживай заранее. Мне кажется, у тебя все будет отлично.

Алия:- Хорошо,если так.

Корр.:- Выпрашивала когда-нибудь балл повыше? Помнишь, как это делали в школе: пускали слезу, ссылались на строгую маму, на кучу смягчающих обстоятельств и повторяли до боли в горле и обморока учителя одну и ту же фразу: "ну поставьте..."?

Алия:- Ты знаешь, стараюсь не унижаться, но случается, что без этого не обойтись. Преподаватели народ скупой. Надо уметь лавировать.

Корр.:- Не считаешь это лицемерием?

Полезный вопрос: Сбегала когда-нибудь?

Алия:- А как же. И не раз...

Корр.:- Угрызения совести мучили?

Алия:- Ничуть. Только мне же потом хуже. Пропустишь тему, не получишь балла, придется бегать за преподавателем. Не очень приятная перспектива...

Корр.:- Спасибо, Алия, что уделила время и ответила на вопросы.

Пообщавшись с отличницей исключительно на тему учебы я поняла, что, несмотря на ее явное отличие от меня в плане учебы, она тоже умеет отдыхать, веселиться и даже шутить.

Просто удивительно...

ШЕПЕЛЮК Антонина

*Мерейтой*



### Биология ғылымдарының докторы, ҚР АШҒ академиясының академигі, профессор Ажар Ахметқызы Жұбанова 60 жаста

**Алдағы сәуір айының басында микробиология кафедрасының профессоры, биология факультетінің деканы, университетіміздің ғалым хатшысы Ажар Ахметқызы Жұбанованың 60 жасқа толу мерейтойын тойлағалы отырмыз. "Жеке адам ұжыммен біте қайнасып кеткенде ескерусіз қалмайды. Керісінше, ол ұжымда зор қасиет тауып, кемеліне келіп толысады" - демекші, Ажар Ахметқызы микробиология кафедрасында дәріс беріп, ғылыми жұмыстар атқарып жатыр. Кафедрамызда дайындалып жатқан бакалаврлар мен магистрлардың оқу жоспарына жаңа арнайы курстар (инженерлік энзимология, ластанған топырақ биоремидиациясы және т.б) енгізіп оқтуда. Бакалаврлардың бітіру жұмыстары мен магистрлық диссертацияларға жетекшілік етіп келеді. Сонымен қатар бірқатар шет ел және республикалық ғылыми гранттар иегері. "Ғылымды күшті меңгерген және оны сүйетін мұғалім ғана өз шәкірттерінің бәріне жемісті ықпал жасайтын болады" - деп Д.М.Менделеев айтпақшы, профессор Жұбанова 6 ғылым кандидаттарын дайындап шығарды және аспиранттар мен ізденушілерді ары қарай дайындау үстінде.**

**Аса құрметті Ажар Ахметқызы!**

**Сізді алдағы келе жатқан 60 жас мерей тойыңызбен құттықтай отырып, зор денсаулық, мол бақыт, от басыңызға бақ - береке тілейміз.**

**Микробиология кафедрасы атынан**
**кафедра меңгерушісі Ә.Т. ҚАНАЕВ.**

# БИОХИМИЯНЫҢ БЕРЕРІ МОЛ

**Қабылдау емтихандары кезінде шеттен келген кішкентай қыз химиядан емтихан тапсырып, неміс тілінде сөйлеп, математикадан есептер мен мысалдарды шығара алады екен деп таңырқаған оқытушылардың қуаныштары әлі күнге дейін есімнен кетпейді.**

Мен ерекше жанұяда өстім, себебі біздің жанұя өз қанаты астында лириктер мен химиктерді біріктірген. Лириктер деп отырғаным – ол музыканттар. Біріншіден, менің әкем – Ахмет Қуанұлы Жұбанов – атақты композитор және ғалым-өнертанушы, ҚР ҰҒА академигі. Екіншіден, менің апайым - Ғазиза Ахметқызы Жұбанова, әйгілі композитор. Үшіншіден, менің ортаншы апайым – Роза Ахметқызы Жұбанова, пианист, 30 жылдан аса уақыт бойы П.И.Чайковский атындағы музыкалық-педагогикалық училищеде қызмет еткен. Химиктер деп отырғаным – ол менің ағаларым – Болат Ахметұлы және Қайыр Ахметұлы Жұбановтар, бүгінде дүниежүзіне белгілі танымал ғалымдар.

Мен жанұядағы ең кенже бала болдым, сондықтан мамандық таңдайтын уақытым келгенде, көңілім қатты қобалжыды. Музыка біздің отбасымыздың толық құқықты "иесі" болатын, бірақ ол кезде химия өнеркәсібі жаңа позицияларды жеңіп алып отырған болатын, ол ойыншықтарға және ыдыстарға арналған жаңа материалдар, киім тігу үшін мүлде жаңа маталар, сондай ақ аяқ киімдер үшін синтетикалық каучуктен жасалған бүтіндей жаңа табандар және тағы да басқа өте көп өзгерістер.

Бірақ мені тек химия емес, әсіресе биохимия баулитын, өйткені тірі материяның құрылымының құпиялары мен үшін ерекше қызық еді. Жақсы жабдықталған ғылыми-зерттеу институттары мен лабораторияларының көпшілігі ол кезде Мәскеуде болғандықтан, мен М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетіне оқуға аттандым. Осы уақытқа дейін қабылдау емтихандары кезінде шеттен келген кішкентай қыз химиядан емтихан тапсырып, неміс тілінде сөйлеп, математикадан есептер мен мысалдарды шығара алады екен деп таңырқаған оқытушылардың қуаныштары әлі күнге дейін есімнен кетпейді.

М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің биология факультетіндегі оқып жүрген жылдарым менің өмірімдегі ең жарқын кездердің бірі, тіпті ол жылдардағы әрбір күн әлі күнге менің ойымда.

Мен өзімнің саналы өмірімді биохимияға арнадым. Ондағы ең қызық түсы сол, биохимия деңгейінде кез-келген организмдермен жұмыс жүргізуге болады. Дипломдық жұмысты орындау барысында мен өсімдіктермен тәжірибе жасадым, менің кандидаттық диссертациям онкогинекологиялық ауруларды диагностика жасау және бақылау мәселелеріне арналған еді ( мен барлығы 700 –ге жуық ауруларға з е р т т е у жүргіздім). Жұмыс лабораториялық - жануарлардың шиpатылған ісіктеріндегі таңбаланған қосылыстарын пайдаланып, қатерлі ісіктің ерте белгілерін анықтауға бағытталған болатын. Докторлық диссертациямның тақырыбы да жұмыстың микробиологиямен, биохимиямен және биотехнологиямен сабақтас орындалғандығын дәлелдейді. Қазіргі менің шәкірттерімнің ғылыми зерттеулері___ басқа көптеген ғылымдардың сабақтасуынан туындаған қызықты әрі жаңа ғылым – биотехнологиямен, жаңа биотехнологияларды даярлаумен, экологиялық мәселелерді шешуде биотехнологияны қолданумен тығыз байланысты.

Өз әріптестеріммен бірге жүргізген зерттеу жұмыстарымның нәтижелері 120 ғылыми мақала, 2 монография, оқу құралдары түрінде көрініс тапты. Микроб клеткаларын пайдалану арқылы алынған спирт және сүт қышқылын алу технологиясы ҚР 4 патентімен қорғалады.

Мен ғылыми және оқу мекемелерінде жемісті қызмет етіп жүрген 6 ғылым кандидатын даярладым.

Мен сіздерге қандай тілек айтсам екен? Бірінші кезекте, өз ішкі сезіміңізге сеніңіз және өзіңіз алдыңызға мақсат қойған болсаңыз, сол арманыңызға жету үшін берік қадам жасаңыз. Сіз сонда ғана ешбір салыстыруға келмейтін сезімге бөленесіз және ол сезім сізді одан арғы жаңа бастамаларға жетелейді. Және тағы да – бұл әсіресе қыз балаларға қатысты. Махаббат жоқ, деген теріс әңгімелерге сенбеңдер. Табиғатта барлық жақсы нәрсенің сыңары болады, әркімнің өзінің жеке жартысы бар, бірақ оны дер кезінде көре білу қажет. Отбасы және балалар ешуақытта Сіздің қызмет бабымен көтерілулеріңізге кедергі бола алмайды, керісінше, ол тек сол үшін өмір сүріп, жаңалық ашуға бастайтын ішкі тетік, аса күшті ынталандыру болып табылады.

Қазіргі таңда менің зерттеу нысаны ретінде қарастырып жүргенім- микроорганизмдер. Бұл керемет организмдердің ферментативтік аппараттары соншалық әр түрлі және жұмылдырғыш, сондықтан олардың қандай шұғыл жағдайларда болсын өмір сүру мүмкіндіктері бар. Микроорганизмдер тоң мұзда, жылу көздерінде, мұнай скважиналарында, радиоактивті штольдерде және т.б. жерлерде өмір сүретіндігі бәрімізге мәлім. Және сыртқы ортаның құбылыстарына қарай олар өздерінің метаболизмін өзгерте алады. Сонымен, бәрімізге белгілі нан пісіруге арналған және спирт ашытқылары ауа бар жерде тыныс алады да, ал ауа жоқ жерде ашиды. Тыныс алу нәтижесінде көмір қышқылы және су бөлінеді де, ал ашу процесінің соңында – этанол және көмірқышқыл газы түзіледі.

Тірі табиғаттың одан да бірегей микрообъектілері – вирустар болып табылады. Бұл тек белоктан және нуклеин қышқылынан ғана тұратын өте ұсақ бөлшектер. Олар өз иесінің клеткаларының ферментативтік жүйесі есебінен өмір сүріп көбейеді және макроорганизмге өте үлкен ықпал етеді. Қазіргі кезде оспа, грипп, гепатит, СПИД және т.б. вирустық аурулар кең танымал. Вирустардың химиялық құрылымын, генетикасын, репродукциясын және экологиясын зерттеуші вирусолог-ғалымдар олардың өте сиректігіне және әр түрлілігіне таңқалатындықтарын жасыра алмайды.

Биохимияның мәселелері өте қызықты әрі жан-жақты, сондықтан қазір биология мен медицинаның биохимиямен тығыз байланысты емес бір–де бір саласы жоқ деп айта аламыз.

Қорытынды ретінде өзіңді және өзіңді қоршаған дүниені тану ешбір сипаттауға келмейтін ләззатқа бөлейді, өз жай-күйіңді сипаттай алу рахаты, өзіңді қоршаған дүниенің ерекшеліктерін түсінуге қабілеттілік, ал бұл өз кезегінде болып жатқан процестерге әсер ету мүмкіндігін ашады және қоршаған дүниені өзіңнің қалауыңша өзгертуге мүмкіндік туғызады деп айтқым келеді.

*НА ФАКУЛЬТЕТАХ КАЗГУ*

# ПОБЕДИТЕЛЬ - ФАКУЛЬТЕТ БИОЛОГИИ

В 2000 году все мероприятия, проводимые на биологическом факультете, направлены на решение определенных задач по воспитанию молодежи, развитию личности в соответствии с интересами и потребностями студентов.

Воспитательная работа среди студентов биологического факультета ведется как составная часть педагогического процесса; особо можно выделить работу со студентами, проживающими в общежитии.

Организационную функцию в первом случае выполняет маслихат студентов; во втором - студсовет. Координатором всех программ выступает деканат биологического факультета и отдел по воспитательной работе и социальным вопросам университета.

Отделом по воспитательной работе и социальным вопросам университета в 2000 году разработаны положения по 20 смотрам-конкурсам, которые прошли на высоком уровне. Итоги конкурсов подведены ко дню рождения университета.

Биологический факультет занял первые места в смотрах–конкурсах за звание "Президентская группа", "Лучший молодой ученый", "Лучший руководитель НИРС", "Лучшее общежитие", "Лучшая реклама факультета" среди естественных факультетов:

– группа экологов 4 курса получила звание "Президентской группы";

– доцент кафедры генетики и молекулярной биологии Джансугурова Л.Б.- "Лучший молодой ученый";

– доцент кафедры ботаники Назарбекова С.Т. - "Лучший руководитель НИРС";

– 7-ое общежитие биологического факультета - "Лучшее общежитие".

Сотрудниками биологического факультета разработан проект положения смотра-конкурса "Лучший преподаватель Казахского государственного национального университета имени аль-Фараби".

Проведение подобных конкурсов имеет важное значение для активизации деятельности творческой молодежи по разным направлениям учебного, исследовательского, воспитательного процессов.

**Г.К. САТЫБАЛДИЕВА,**
**заместитель декана по воспитательной работе биологического факультета.**

# ТӨЛ БАСПАМЫЗ ТАРТУЫ



## ӘДЕБИ МҰРА

Профессор Т.Кәкішұлының бұл кітабында әдебиетіміздің ұлы классиктерінің өмірі мен шығармалары өзек етілген.

## КЕДЕН

Кітапта сан салалы экономикалық қатынастарды дамытудағы Кеден одағының алатын орны мен ролі қарастырылған. Қазақстандық кеден қызметі жүйесіне талдау жасалып, анықтама беріледі.




## САЯСАТТАНУ

"Политология" оқулық кітабында саясаттану ғылымының бүгінгі таңдағы актуальды сұрақтарының шешімі жан-жақты талданған. Жинақ саясатқа және саясаттану ғылымына қызығушыларға, сондай-ақ көпшілік оқырмандарға арналған.







## АТОМДЫҚ ФИЗИКА

К.Б. Жұманов-тың бұл оқу құралында кванттық механика элементтері Шредингер теңдеуі және оның бірқатар қолданулары баяндалады.

## ҒЫЛЫМИ ЖИНАҚ

Сондай-ақ журналистика тарихы кафедрасының ғылыми-зерттеу журналының кезекті №8 саны жарық көрді. Мұнда оқырмандар журналистика тарихына қатысты түрлі мағлұматтармен таныса алады.





**Ескіден жеткен есті сөз**

# ӘЗ-НАУРЫЗ -ЖЫЛ БАСЫ

Ескі қазақта /ескі түрікте/ Жаңа жыл көненің аты- Ұлыс. Қожа,молдалар ескі әдетті қалдырамыз деп, құрбан.ораза айттарын. Ұлыс күні дегізіп, Ұлысты Наурыз дегізген.

**Шәкәрім Құдайбердіұлы.**

Наурыз- қазақша жыл басы. Күн жылынып, қар еріп, жан-жануар жаздың жақындағанын сезіп, көңілденген кез. Міне, табиғаттың осындай көңілді өзгерісінің кезінде біздің жаңа жылымыз- Наурыз туып, ата ғұрпымызды ұмытпай белгілі бір күнді жыл басы қылып алсақ ұнамды іс болар еді.

**Ахмет Байтұрсынов.**

Жалпы мұсылман жұрттарына ортақ жылына екі рет келетін ораза, құрбан айттарын есепке алмағанда, бізде жалғыз-ақ мейрам бар. Ол-Наурыз.

**Міржақып Дулатов.**

Бұл мейрам-дін мейрамы емес, ұлт мейрамы. Наурыз ұлт мейрамы болғандығының үстіне оның тарихи маңыздылығының тереңдігі бар. Жаңа жылға жаңа тілек, игі үмітпен шығуымыз керек.

**Сәбит Дөнентаев.**

**Құлаққағыс**

«Қазақ университеті» газеті бетінде ақылы түрде құттықтау, қазанама, жарнамалар жарияланады.



# Конкурс Конкурс Конкурс!



**Вниманию студентов и преподавателей!!!**

**Объявляется конкурс на лучший символ КазГУ им.аль-Фараби. Приоритет будет за проектами, в которых отображено здание Ректората. Желательно наличие ландшафта гор.**

*Срок конкурса: месяц со дня публикации объявления.*

*Главный приз — 5000 тенге.*

**За дополнительной информацией обращаться в ректорат, в Отдел по воспитательной работе и социальным вопросам. Комната 1107. тел: 47-29-29.(1134,1149)**

**Объявляется конкурс на лучшие имиджевые материалы, пропагандирующие Казахский государственный национальный университет имени аль-Фараби.**

***Конкурс на лучшую имиджевую публикацию в СМИ***

Материал должен отражать историю и современную жизнь нашего университета, формировать чувство патриотизма и гордости за родную Alma mater , иметь не только информационные, но и рекламные черты. Принимаются не только материалы , напечатанные в газетах и журналах, но и аудио и видеоматериалы, уже вышедшие в эфир.

***Конкурс на лучший имиджевый проект***

Планы-проекты акций, направленные на формирование достойного имиджа нашего университета, воспитания духа корпоративности у сотрудников и студентов, содействующие эффективности рекламной политики.

Главные критерии — реалистичность и экономичность, четкие и определенные временные рамки, наличие бизнес-плана.

**Конкурс продлится до декабря 2001 года.**
**Победители будут отмечены призами.**

*За дополнительной информацией обращаться в ректорат, в Отдел по воспитательной работе и социальным вопросам, ком. 1107.*

**Тел: 47-29-29 (1134, 1149).**

**ҚҰРЫЛТАЙШЫ:**

Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің ректораты және журналистика факультеті.

Газет Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінде тіркеліп, №1242 куәлік берілген.

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:**

*Бас редактордың міндетін атқарушы-* **Бекжан Әшірбаев;**
*Бас редактордың орынбасары-* **Нарбинь Кенжеғұлова;**
*Жауапты хатшы-* **Дарига Амангельдиева;**
*Теруші-көркемдеуші -* **Айдын Қабаев;**
*Фототілші* **Арман Сәрсенбиев;**
*Нөмердің кезекші редакторы-* **Сәндібек Жұбаниязов.**

**АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:**

Л.С.АХМЕТОВА- *проректор;*
Н.О. ОМАШҰЛЫ- *декан;*
Б.Ө.ЖАҚЫП- *кафедра меңгерушісі;*
Г.В. ВИНОКУРОВ - *"Парасат" кәсіподақ ұйымының төрағасы;*
Е. Ж. ӘБІЛҚАЙЫРОВА - *ғылыми кітапхана директоры;*
Ш. ҚҰРМАНБАЙҰЛЫ - *кафедра меңгерушісі;*
А. Б. ҚҰДАЙБЕРГЕНОВ - *жас ғалымдар Кеңесінің төрағасы;*
Н.С. БАЙЫМБЕТОВ - *студенттер Сенатының төрағасы;*
А. ЕЛІБАЕВА - *студенттердің "Сұңқар" кәсіподақ ұйымының төраға орынбасары.*

**МЕКЕН-ЖАЙЫ:**

**480078, Алматы, әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 10-қабат, 1008 бөлме. Тел.: 1194.**

*Нөмер "Полиграфсервис" баспасында /Жандосов көшесі —55/ 25.03.2001ж. басылды.*

Бағасы келісім бойынша.
Таралымы- 1000 дана.
Көлемі 2 б.т.
Индексі 65989.
№75 тапсырыс.

**Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.**